

ЖШС «Иштаев Е.А.» «Айгөлек» жеке бөбекжайы

Кеңес беру

Тақырыбы: «Баланы балабақшаға бейімдеу жолдары»

Дайындалған: педагог-психолог Гиметденова Г.А

Баланың балабақшаға бейімделуі

Баланың әлеуметтенуі қашан қайта басталады? Әрине бірінші отбасында және балабақша келгенде. Балабақша таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жана жағдайға бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды. Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері: басқа адамға бұрын қалып көрмегендіктен, дәретке өзі отырып үйренбегендіктен, кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайып үйренбеген (күрттайнан) балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата-аналар жкмыс тәртібін

айтып, баланы күні бойы балабақшаға қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.

Балаңызбен үйде сойлессіз бе? Оны мақтайсыз ба, оны жақсы көретініңіз туралы айттыңыз ба? Ата-аналардың балаға эмоционалдық әсері көбінесе жағдайды қиындатады. Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар, жеңіл түрі-баланың мінез-құлығы 10-15 күнде қалпына келеді. Орташа ауырлық бейімделу – 1 айдың ішінде, ауыр бейімделу – 2 айдан 6 айға дейін өтеді.

Қобалжулары қатты ата – аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата - ананың қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата – ана балаға көмек беруі керек.

Ертенгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

- Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп тынышталуы ұзаққа созылады.
- Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп көрінбей қашып кетпеніз.
- Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және оны қатал ұстаңыз.
- Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдарқатыңыз.

Балаға анық түсінік беру керек. Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі қарай баланы көндіру өте қиынға түседі. 2 – 3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдай көп өзгеріске түседі. Сондықтан кеңес береміз.

- Үйдегі жағдайда балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз